

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 458. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.01.07. N 10 қаулысымен. ~P990010

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі қызметінің тиімділігін арттыру, құрылымдық-инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін қажетті сыртқы қаржы ресурстарын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіні халықаралық қаржы ұйымдары мен бірінші сыныпты шетел банктерінің қатысуымен кейін ашық үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта құру туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің ұсыныстарымен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің жарғылық қорын 1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 U952120_ Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 U952371_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне бөлінген кредиттік ресурстарды есептеу жолымен 5 000 000 000 (бес миллиард) теңгеге дейін көбейтсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.15.

N 902 қаулысымен. P960902_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен мемлекеттік Экспорт-импорт банкі халықаралық қаржы ұйымдарымен және бірінші сыныпты шетел банктерімен олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің жарғылық қорына акциялардың мемлекеттік пакетінің 49 процентіне дейін сатып алу жолымен қатысуы жөнінде келіссөздер жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісімі бойынша) 1996 жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіні ашық үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта құру үшін қажетті нормативтік құжаттар

пакетін әзірлеп, ұйымдық шараларды аяқтасын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен тиісті келісім жасассын , онда инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін қажетті ішкі және сыртқы қаржы ресурстарын тартуға кепілдіктер беру шартын көздесін.

6. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 P951208_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Жарғысының 14-тармағының бірінші абзацындағы "3 (үш) миллиард теңге сомасында" сөздері "5 (бес) миллиард теңге сомасында" сөздерімен ауыстырылсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі